

Казахстан. Таким образом, новое Послание Президента РК Н.А.Назарбаева народу Казахстана в очередной раз демонстрирует, что государственный контроль сферы малого и среднего бизнеса в нашей стране использует мировую практику работы и способствует стимулированию и поддержке предпринимательской деятельности.

Литература:

1. Конституция РК от 30.08.1995г с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.03.2017г. – Астана, 2017.
2. Бахрах, Д.Н. Административное право. / Д.Н. Бахрах, Б.В. Российский, Ю.Н. Стариков. // М.: Норма, 2012. – 486 с.
3. СтрижовС.А . Государственный контроль за осуществлением предпринимательской деятельности. //Южно-Уральский государственный университет (научно-исследовательский университет) филиал в г. Миассе. <https://scienceforum.ru/2018/article/2018006308>
4. Предпринимательский Кодекс РК от 29 октября 2015года № 375-V ЗРК. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K940001000>
5. Закон Республики Казахстан «О защите и поддержке частного предпринимательства» от 04.07.1992 года, Документ признан утратившим силу в соответствии с Законом Республики Казахстан от 31.01.2006N 124-З. ИС ПАРАГРАФ.
6. Закон РК «О государственной поддержке малого предпринимательства» от 19 июня 1997г. № 131-1 (с изменениями и дополнениями от 10.07.1998 г., 26.07.1999 г., 29.11.1999г.) // Предпринимательство в Республике Казахстан. Сборник нормативных актов. -Алматы: ЮРИСТ, 2000. - С. 5-14.
7. Законе РК О разрешениях и уведомлениях от 16 мая 2014 года№ 202-V ЗРК. <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z140000202>
8. Г.Г. Нурахметова, М.Г. Конурбаева. Предпринимательство Казахстан Малый и средний бизнес//Вестник КазНУ, Алматы, 2011. – С.12-16.
9. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева«Рост благосостояния Казахстанцев: повышение доходов и качества жизни»народу Казахстана. 5 октября 2018 г. http://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-prezidenta-respubliki-kazahstan-nazarbaeva-narodu-kazahstana-5-oktyabrya-2018-g

Ашимбаев С.А., Болашақ академиясы, Қарағанды қаласы, МЮ-17-2 тобының магистранты

ШАРТТЫ ТҮРДЕ СОТТАЛҒАН АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Шартты түрде соттау Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 63-бабына сәйкес «егер сот бас бостандығынан айыру түрінде жаза тағайындағанда сотталған адамның жазаны өтемей түзелуі мүмкін деген түйінге келсе, ол тағайындалған жазаны шартты деп санауға қаулы шығарады»- деп анықталады. Демек, заң шығарушы бас бостандығынан айыруды шартты түрде соттау шарасы негізінде ең тиімді әрі баламалы жол деп шешіп, кінәліге жаза тағайындағанда бұл шараға тартудың негізділігін соттың бағалауына қалдырып отыр.

Шартты түрде сотталған адамдардың құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V Қылмыстық-атқару кодексінің нормаларына сәйкес анықталады. Аталған Кодекстің 174-бабында шартты түрде сотталған адамдарға пробациялық бақылауды жүзеге асыру және оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібі туралы норма бекітілген.

Пробациялық бақылаудағы, шартты түрде сотталған адамды есепке қойған кезде пробация қызметі:

1) денсаулық жағдайын, оның білім деңгейін, жұмыспен қамтылуын, тұрғылықты жерінің бар-жоғын анықтай отырып, сотталған адамның жеке басын зерделеуді жүргізеді, сондай-ақ оған ұсынылатын әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемін айқындауға қажетті өзге де мәліметтерді анықтайды;

2) әлеуметтік-құқықтық көмекті ұсыну және оны алудан бас тарту, оған қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату тәртібін түсіндіреді, сондай-ақ тіркелу үшін пробация қызметіне келу күндерін белгілейді;

3) сот жүктеген міндеттерді орындау, оларды орындамағаны, сондай-ақ пробациялық бақылау тәртібін бұзғаны үшін жауаптылыққа тарту тәртібін түсіндіреді;

Сотталғандарға жалпы бақылау жүргізіледі. Жалпы бақылау - ол сотталушылардың соттың үкімінде көрсетілген жазаны толық, мүлтіксіз орындалуын қадағалау. Соның ішінде шартты түрде сотталғандарға да ҚР ҚАК-ның нормаларына сәйкес бақылау жүргізіледі. Ол бақылаулар ҚР ҚАК-нің

8-бөлімінде көрсетілген 181, 182, 183, 184 - баптарынан көре аламыз. «Шартты түрде сотталғандарды бақылау» - деген ұғым: Шартты түрде сотталған сотталушылардың өз құқықтары мен міндеттерін дұрыс атқаруын атқару инспекцияларының бақылауы дегенді білдіреді. Бұл ұғымның анықтамасына қарап, бұл ұғымның мазмұнын құрап тұрған екі белгіні аңғардық. Олар:

1. Шартты түрде сотталушылардың құқықтары мен міндеттері;
2. Шартты түрде сотталушыларды бақылауды жүзеге асырушы қылмыстық-атқару инспекторлары.

Осы бақылау кезінде бақылаудың дұрыс жүзеге аспауы шартты түрде соттаудың тиімділігінің төмендігін көрсетеді. Бақылауды жүзеге асыратын органдардың қызметінің және жетіспеуінің әсері мол. Бақылаудың дұрыстығы тиімділігі органдар жүйесінің дұрыс қалыптаспауының әсерінен де болады. Бұл мәселенің шешілуі сотталушының қылмысты қайталанып жасауынан сақтандырады және сотталушының түзелуіне ықпал жасайды.

Қылмыстық-атқару заңы сотталғандардың құқықтарының көлемін кеңейтіп, барынша анықтап көрсетуге тырысқан. Бұл сотталушылардың негізгі құқықтары шартты түрде сотталушыларға да тиесілі. Себебі, шартты түрде сотталушылар да сотталғандар болып есептеледі.

Шартты түрде сотталған адамдардың негізгі құқықтары.

Шартты түрде сотталған адамдардың құқықтарын құқықтар саласы бойынша былай топтастыруға болады:

1. Саяси құқықтары. Бұл – азаматтардың мемлекеттік және қоғамдық саяси өмірге араласу мүмкіндігі, мемлекеттік басқару ісіне араласуға саяси бостандығын білдіреді.

2. Жеке азаматтардың құқықтары мен бостандықтары. Бұл -адамның жеке өмірі мен ішкі дүниесін басқа адамдардың араласуынан қорғайды, адамның жеке даралығын қамтамасыз етеді.

3. Әлеуметтік және экономикалық құқықтары мен бостандықтары. Бұл – адамның материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін экономикамен тығыз байланыста болуын білдіреді.

4. Мәдени құқықтары мен бостандықтары. Бұл – азаматтың мәдени игіліктерді қолданылуына бағытталған. Мұнда біз, шартты түрде сотталушылардың адам және азаматтарға тән Конституциялық құқықтар мен бостандықтарды пайдалана алатындығын түсіндік. Бірақ, шартты түрде сотталушылар өзге азаматтарға қарағанда бір қатар шектеулерге иелік етеді. Мысалы: сотталған адамдардың сайлауға және сайлануға құқысы жоқ, сондай-ақ көше шерулерін демонстрация, митингі-жиналыс жасауға құқылары жоқ. Әдетте, жай азаматтардың хат-жазба құпиялығын сақтауға құқысы бар, ал сотталған азаматтардан ол құқықтар алынып тасталды. Азаматтық құқықтар, сотталған адамдарды, конституциялық құқықтарға қарағанда аз шектелген. Сотталғандар жаза өтеу мерзімінде де құқық қабілеттілігі және әрекет қабілеттілігі бар болып қала береді. Ал, осы құқықтар саласы бойынша қойылған шектеулер, ол жазаның ауырлығына көбірек шектелуі мүмкін. Мысалы: сотталған адамдардың бір біріне жаза өтеу кезінде қолданылып жүрген мүліктерімен келісім-шарт жасалуына тыйым салынады.

Заң сотталған адамдардың негізгі құқықтарын келтіреді. Сотталған адамдар жазаның бастапқы кезінде-ақ, құқықтары мен міндеттері толығымен түсіндіріледі. Сотталғандардың жаза өтеу туралы ақпараттар алуға, өздерінің құқықтары мен міндеттері туралы мәліметтер алуға құқығы бар. Ал, жазаны атқарушы әкімшілік сотталғандарды осы мәліметтермен таныстырады. Сондай-ақ, жаза ерекшеліктерді түсіндіреді. Сотталған адамдардың әкімшілік қызметкерлерінен және басқа адамдардан сыпайы қатынас көруге құқығы бар. өз кезегінде олар да жазаны атқарушы әкімшілік қызметкерлерімен, тағы басқа азаматтарымен сыпайы қатынаста болуға міндетті.

Сотталған адамдар өміріне, денсаулығына тікелей қауіпті жұмыстарға жіберілмейді. Сотталғандардың негізгі құқықтарының бірі – ол кез-келген мемлекеттік, қоғамдық ұйымдарға, жазаны атқарушы мекеменің немесе органның әкімшілігіне жазаны атқарушы органдардан, мекемелерден жоғары тұрған басқару органдарына, сот, прокуратура органдарына, сондай-ақ адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі Халықаралық ұйымдарға ауызша немесе жазбаша шағымдар, ұсыныстар, өтініштер жазуға құқылығы болып табылады.

Сотталғандардың құқықтарының бірі – олардың жеке басы қауіпсіздігін сақтауға құқылығы болып табылады. Сонымен қатар сотталғандардың ар-ождан бостандығы мен өтініш жазу құқығына заң үлкен көңіл бөледі.

Шартты түрде сотталған адамдардың негізгі міндеттері.

Шартты түрде сотталған адамдардың негізгі міндеттері ретінде, олардың жазаны өтеу заңдар тарапынан қойылатын құқықтық шектеулер мен талаптарды ұғамыз. Барлық қылмыстық жазалар мемлекеттік мәжбірлеуді білдіреді, және кейбір құқықтары мен бостандықтарынан айырады. Бұл мәселе осы бағыттағы заңдар мен осы сипаттағы нормативтік актілердің міндеттері болып табылады.

Жаза өтеуші сотталған адамдардың құқықтары мен бостандықтары жаза түрі, соттың тағайындаған нормативтік актісінде көрсетіледі. Сотталған адамдардың негізгі міндеттері ретінде, олардың белгілеген шартты түрде соттауды өтеп жүрген кезінде заңдар тарапынан қойлатын шектеулер талаптарды ұғамыз. Демек, сотталғандардың негіз міндеттерді – ол шартты түрде жазаны өтеу уақытындағы шартты түрде сотталғандар тарапынан сақталуға тиісті міндеттер болып табылады.

Аталған міндеттер Қылмыстық атқару кодексінің 9-бабында сотталғандардың негізгі міндеттері былай белгіленген:

1) Сотталғандар осы кодекспен, өзгеде нормативтік құқықтық актілермен және үкіммен белгіленген құқықтық шектеулерден туындайтын талаптарды сақтауға міндетті.

2) Сотталғандар өздеріне белгіленген мінез құлық ережесін жазаларды атқарушы мекемелермен органдар әкімшіліктерінің заңды талаптарын орындауға міндетті.

3) Сотталғандардың өздеріне жүктелген міндеттерді, сондай-ақ жазаларды атқарушы мекемелермен атқарушы органдар әкімшілігінің заңды талаптарын орындамауы Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген жауапкершілікке әкеліп соқтырады [1].

Аталған міндеттер сотталғандарға жүктелген міндеттердің бір құрамдасы болып есептеледі. О.В. Филимоновтың көзқарасы бойынша «негізгі міндеттер деп аталу себебі: олар жаза атқарып жатқандарды» жаза түріне қарамастан барлығына таралады және сотталғандарға қойылатын маңызды талаптарын бекітеді» [2]. Яғни бұдан түсінегіміз жоғарыда көрсеткен қылмыстық-атқару кодекстің 9-шы бабындағы негізгі міндеттер шартты түрде сотталушыларға да тиесілі болып келеді. Бұл негізгі міндеттер шартты түрде сотталушыларға белгіленген, яғни кейбір құқықтарын маңызды талаптар қою арқылы шектейді. Шартты түрде сотталғандардың міндеттерінің көпшілігі құқықтық нормаларында бекітілген және шартты жазаны өтеу тәртібінде көрсетілген. Сонымен қатар әсіресе айта кетерлік жайт, ол сотталғандар жазаны атқаратын мекемелермен органдар әкімшілігінің кез-келген талабын емес, тек заңдарда бекітілгендерін орындауы тиіс. Осы көрсетілген нормативтік құқықтық актілерде шартты түрде сотталушылардың міндеттері нақтыланып беріледі.

Жоғарыда көрсетілген ПМ-нің ережелері бойынша Қылмыстық атқару инспекциялары шартты түрде сотталушыларға мынадай міндет жүктелген:

1. Инспекция алдында өзінің мінез құлқы есеп беруге;
2. өзіне сот жүктеген міндеттерді атқаруға;
3. Шақыру бойынша инспекцияға келу [3].

Шартты түрде сотталушы өзіне сот белгілеген сынақ мерзімі ішінде түзелу ретімен өзінің мінез құлғын түзеуге бағытталады. Яғни мінез құлқын түзеу арқылы қылмыс жасамауға бет бұрады. Осыған байланысты инспекцияның белгіленген мерзім ішінде өзінің мінез құлғы туралы есеп беріп, белгіленіп, өзін көрсетіп отырады. Ал сот жүктеген міндеттер бойынша 2002 жылы желтоқсан айындағы Қылмыстық, Қылмыстық процестік, Қылмыстық-атқарушылық кодекстеріне енгізілген өзгертулерге байланысты шартты түрде сотталушыға сот міндет жүктеу құқығын алып тасталынған. Осы соттың міндет жүктеу құқығын алып тастағаны қазіргі шартты түрде сотталғандарды бақылау кезінде және сотталушыны тәрбиелеуге байланысты шараларға кері ықпалын тигізіп шартты түрде соттаудың мәнін, маңызын, тиімділігін бұзып сотталушының тәрбиеленуіне кері әсерін береді. Соған байланысты заңды қалпына келтіріп, сотталушыға ықпал ете алатын адамға яғни туыстарына немесе қоғамдық ұйымдардың қарауына беріп міндет жүктеуі қажет. Шақыру бойынша шартты түрде сотталушы инспекцияға келу міндеті бұл – шартты түрде сотталушының мінез құлқын немесе басқада жағдайларға байланысты анықтау үшін орындалатын міндет болып табылады. Егер шартты түрде сотталушы инспекцияға орынды себептерсіз келмеген жағдайларда мәжбүрлеп алып келу қолданылады. Жоғарыда көрсетілген міндеттердің жүктелудің мәні болып- шартты сотталушы жүрген жерін және жалтару себептерін және түзелгендігін анықтау болып табылады.

Сотталғандардың негізгі міндеттерін екі топға бөліп қарастыруға болады:

- 1) барлық сотталғандарға ортақ міндеттер;
- 2) Шартты түрде сотталғандарға ғана белгіленетін міндеттер.

Бірінші топтағы міндеттер Қылмыстық- атқару кодекстің 9-бабында көрсетілген міндеттер. Бұл міндеттердің кейбіреулері жазаның түріне қарамастан таралады. Мысалы еңбек қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Екінші топтағы міндеттер жазаның түріне байланысты белгіленетін міндеттер. Яғни шартты түрде сотталғандарға бақылауды жүзеге асыратын органдардың нормативтік құқықтық актілерінде қарастырылып белгіленген міндеттер. Жалпы шартты түрде сотталғандардың негізгі міндеттері мынаған келіп тіреледі:

- Шартты түрде сотталушылар ҚР азаматтарына белгіленген талаптарды орындауға;

- Қоғамда сақталуға тиісті адамгершілік нормаларын сақтауға; 3-ші сынақ мерзімі ішінде санитарлық, гигиеналық және атқару инспекциясы бекіткен міндетті сақтауға;

- Қылмыстық атқару инспекциясы шақыру бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге;

- Сынақ мерзімі ішінде мінез құлқын түзеп қылмыс жасамай түзелуге міндетті болып табылады. Шартты түрде сотталушылардың өз міндеттерін орындамауы, сонымен қатар шартты түрде сотталғандарды бақылаушы органдардың қойған заңды талаптарын орындамауы Қылмыстық, Қылмыстық-атқару заңдарында көрсетілгендей жауаптылыққа алып келеді. Мысалы: Шартты түрде соттаудың күшін жою.

Шартты түрде сотталған адам өзіне сот жүктеген міндеттерді орындамаған не осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген бұзушылықтарды қайталап жасаған жағдайда, сондай-ақ егер ол пробациялық бақылаудан жасырынса, пробация қызметі сотқа шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы, ал кәмелетке толмаған сотталған адамға қатысты – пробациялық бақылау мерзімін ұзарту, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге ұзарту туралы ұсыну енгізеді.

Шартты түрде сотталған адамның жауаптылығы.

1. Егер шартты түрде сотталған адам:

1) сол үшін өзіне әкімшілік жаза қолданылған, қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке адамға қол сұғатын және отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында әкімшілік құқық бұзушылық жасаса;

2) электрондық бақылау құралдарын қасақана бұзса (бүлдірсе) не дәлелсіз себептермен тіркелуге келмесе немесе пробация қызметін хабардар етпестен, тұрғылықты жерін ауыстырса;

3) қылмыстық теріс қылық жасаса, пробация қызметі сотқа пробациялық бақылау мерзімін ұзарту, бірақ бір жылдан аспайтын уақытқа ұзарту туралы, ал кәмелетке толмаған адамға қатысты алты айдан аспайтын уақытқа ұзарту туралы ұсыну енгізеді, сондай-ақ шартты түрде соттаудың күшін жою мүмкіндігі туралы жазбаша нысанда ескерту шығарады.

2. Шартты түрде сотталған адам өзіне сот жүктеген міндеттерді орындамаған не осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген бұзушылықтарды қайталап жасаған жағдайда, сондай-ақ егер ол пробациялық бақылаудан жасырынса, пробация қызметі сотқа шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы, ал кәмелетке толмаған сотталған адамға қатысты – пробациялық бақылау мерзімін ұзарту, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге ұзарту туралы ұсыну енгізеді.

3. Пробация қызметіне тіркелу үшін келмеген күнінен бастап он бес күннен астам уақыт бойы тұратын жері анықталмаған шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылаудан жасырынып жүр деп танылады.

4. Шартты түрде сотталған адам электрондық бақылау құралдарын бұзған (бүлдірген) жағдайда, пробация қызметі акт жасайды.

Электрондық бақылау құралдарын қасақана бұзған (бүлдірген) жағдайда, сотталған адамдар заңда белгіленген тәртіппен материалдық жауаптылықта болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1 С.Н.Әпенов. Қылмыстық-атқару құқығы. Оқу құралы. -Алматы., «Дәнекер» баспасы., 2002ж.

2 Музеник А.К. Уткин В.А. Филимонов О.В. Условное осуждение и отсрочки исполнения приговора. - Томск., 1990 г. -127с.

3 «Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің м.а. 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 622 бұйрығы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14C0009839#z>